

ӨЗБЕК ТІЛІ ҚЫПШАҚ ДИАЛЕКТИСІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАСЫ

(«Алпамыш» эпосы негізінде)

Тұрсын Е.Қ., Авакова Р.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі тіл білімінде тілді ұлттық мәдениет, ұлттық таным, «тілдік әлем» арқылы зерттеу кең өрістеді. Бұл мақалада өзбек-қыпшақ диалектісінің этномәдени лексикасына талдау жасалды. Лексикалық бірліктердің этномәдени, тілдік мәні сипатталды, өзге түрік тілдерімен байланысы анықталды.

Қазақ ұлтына ең жақын этникалық топ – постномадтық өзбектер. Алайда қазіргі түріктану ғылымында өзбектер мен қазақтардың тілдік, этномәдени байланыстары бойынша зерттеулер аз. Авторлар «Алпамыш» эпосындағы этнолингвистикалық бірліктерді түрік тілдерімен салыстырып, ортақ қыпшақ негізді этномәдени терминдерді қалпына келтіруге талпынды. Нәтижесінде қыпшақ тілді өзбектердің заттық, рухани мәдениетінің терминдері түрік тілдерінің ішінен қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерге жақын екендігі тұжырымдалды.

Түйін сөздер: өзбек тілі, қыпшақ диалектісі, этномәдени лексика, этнографиялық лексика, этнографиялық диалектизм.

Кіріспе. Тіл – қоғамдық дамудың сүрлеуінен өтетін сан қатпарлы, күрделі құбылыс. Оның лексикалық қабаттарында халықтың рухани-адамгершілік, материалдық мәдениетінің белгілері сақталады. Сондай-ақ тіл – халықтың тарихы мен дәстүрлі тұрмысынан хабар беретін тірі дереккөз.

Қазіргі өзбек халқының этнотегінде Жошы Ұлысынан Темір мемлекетіне қоныс аударған (XVI ғ.) көшпелі өзбек тайпалары шешуші рөл

ойнады. Көшпелі өзбек субстратының қазіргі өзбек этнотегі, тілі, этносаяси тарихына тигізген әсері туралы тұжырымдар әлі де айқындауды қажет етеді.

Материал және әдістер. Зерттеудің негізгі нысаны – өзбек-қыпшақ диалектісінің этномәдени лексикасы. «Алпамыш» эпосы негізінде этномәдени мәнге ие сөздердің лингва-этнографиялық мәнін ашу – жұмыстың негізгі міндеті. Зерттеу тақырыбын ашуда сипаттау, лексикалық талдау, тарихи-салыстырмалы, этнолингвистикалық әдістер пайдаланылды. Нәтижесінде өзбек-қыпшақ диалектісінің этномәдени лексикалық қоры өзге қыпшақ тілдерінің қорымен тамырлас екендігі анықталды. Диалектінің этномәдени лексикасы қыпшақ тілі базасы негізінде қалыптасқандығы тұжырымдалды.

Әдебиетке шолу. «Алпамыш» – тарихи, тілдік деректер қорын жинақтаған өзбек ауыз әдебиетінің алтын діңгегі. Әдебиеттанушылар Фозил Йолдашұлы, Ергеш Жұманбұлбұлұлы, Пөлкән шайыр, Сейітмұрат Паноһұлының нұсқаларын эпостың классикалық үлгілеріне жатқызады. Зерттеудің негізгі базалық материалы – Ф. Йолдашұлы нұсқасының мәтіні. Эпостың лексикалық қорын жинақтаған іргелі еңбек – Т. Мырзаев, Ж. Эмонқұл, С. Фидокордың құрастыруымен жарық көрген «Алпамыш» дастанының түсіндірме сөздігі («Алпомш» достониниг изоҳли луғати).

Нәтижелер мен талқылау. Қазіргі өзбек халқының күрделі этникалық, саяси тарихы, субэтникалық, аймақтық ерекшеліктері оның көп диалектілі тілінен, нақтылай айтқанда лексикасынан көрініс тапты. Өзбек тілі диалектілерінің этномәдени лексикасының байлығы, әралуандылығы таңғалдырады.

Қыпшақ тілді өзбектердің негізгі баспанасы – киіз үй. Көшпелі өзбектердің баспанасы екі түрлі болды: бірінішісі – кереге, уық пен шаңырақтан тұратын киіз үй, екіншісі – тек уықтардан құралатын қос. Киіз үйді өзбек тілінің қыпшақ диалектісінде üу, қостарды lačiq//alaciq//kerä деп атайды. Қазақтың «абылайша» үйіне көшпелі өзбектердің altïayaq үйі сай келеді. Бұл баспана тек керегесіз уық пен шаңырақтан ғана тігіледі (Назаров,

2010: 12). Бұл термин (алтыаяқ) қазақ тілінің Жетісу, Шу сөйленістерінде де кездеседі (Қалиев, 2005: 57). «Алпамыш» эпосында киіз үйдің *üу, otaw, qara üу, aq üу, aq otaw*, кей тұстарда үй иесінің байлығын әсірелеу үшін қолданылған *bahmal üу, bahmal otaw* (мақпал үй) атаулары кездеседі. Мысалы: «Хабар борди шундай отлар чоптириб, намойишга **ок ўтовлар** ёптириб (Йўлдаш уғли, 1998:165). Немесе, «Шул вақтда моллар билан бирга келаётган **қора уйлар** Чилбир чўлини, Ойна кўлини ёқалаб кўна берди» (Йўлдаш уғли, 1998:33). Өзбек-қыпшақ диалектісінде киіз үй мағынасында қолданылатын «ўтов» атауы ортағасырлық түрік, ескі қыпшақ тілдерінде «otaw» түрінде кездеседі. Көшпелі түріктер тілінде баспана атауы негізінен композиттер, оның ішінде сын есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы жасалады. Өзбек-қыпшақ тіліндегі киіз үй атаулары қазақ, қарақалпақ тіліндегі атаулармен толық (фонетикалық, лексикалық), түрікмен тілімен ішінара сәйкестік көрсетті.

Киіз үйдің ағаш негізі өзбек-қыпшақ диалектісінде өзге түрік тілдеріндегідей «сүйәк» деп аталады. Киіз үй қаңқасы – шаңырақ (*şanğaraq*), уық (*uwuq*), кереге (*kerägä*) мен есіктен (*eşik*) тұрады. Киіз үйдің кереге бөліктері «қанат» деп аталады. Киіз үйдің шаңырағы өзбек-қыпшақ диалектісінде «чаңғарак/чаңнарак/шаңрақ» деп аталады. Соңғы нұсқаны лақай сөйленісінен естуге болады (Назаров, 2010: 179). Эпоста:

Бахмал уйнинг **чангғароғи** ўйилди,

Мендайин ойимнинг зулфи ёйилди... (Йўлдаш уғли, 1998: 100). Атауды өзге түрік тілдеріндегі нұсқаларымен салыстыруда қыпшақ тілдеріне «шаңырақ» атауы ортақ екендігі анықталды. Қырғыз тіліндегі *şanğaraq*, түрікмен тіліндегі *şağarïq* атаулары қазақ тіліндегі күлдіреуішті білдіреді. Уық өзбек-қыпшақ диалектісінде – **uwuq**. Бұл атау барлық түрік тілдеріне ортақ. Тек тыва тілінде «ынаа» деген нұсқа кездеседі. Оны моңғол тілін енген сөз деп топшылауға болады (моңғолша «кереге» - унь). Кереге атауы да түрік тілдеріне ортақ. Тек тыва тілінде *hana* атауы кездеседі. Бұл терминді *qanat* сөзімен байланыстыруға негіз бар. *Qanat* атауы өз кезегінде моңғол тіліндегі

hana (киіз үйдің керегесі) сөзімен түбірлес болуы мүмкін. Киіз үйдің керегесі қыпшақ сөйленістерінде **kerägä**, лақай диалектісінде **kerege** деп аталады (Назаров, 2010: 96). Атауды өзге түрік тілдерімен салыстыру нәтижесінде қыпшақ тілдеріне «кереге» атауы ортақ екендігі анықталды. Кереге сөзі М. Қашқаридің «Диван луғат ат-Түрк» сөздігінде шатыр, қыстық үй мағынасында кездеседі (Қашқари, 2017: 504). Керегелердің қоспаларын байланыстыратын тоқылған құр **tanğič** (қазақша – «таңғыш») деп аталады. Жалпы киіз үйдің қаңқа бөліктерін, сыртқы жабдықтарын байланыстыратын бау-шу атаулары да қазақ тілімен толық сәйкес. Мәселен: бау – **baw/bağ**, желбау – **eibağ**, басқұр – **başqur**. Киіз үй туырлығын керегеге тығыз жатуы үшін сыртынан айналдыра буатын қыл арқан – белдов (қазақша – белдеу). Эпоста: «Кўкаман алп отдан тушиб, отни уйнинг **белдовига** илдириб...», -деп келеді (Йўлдаш уғли, 1998: 66). Көшпелі қоғамда ауылға келген жолаушылар аттарын мамағаш, кермеге, олар болмаса – киіз үйдің белдеуіне байлаған. Мысалы, А.Құнанбайұлының «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңінде:

«Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,

Белдеуде тыныш тұрса, **байлап** көрсек», - деген жолдар кездеседі.

Көшпелі өзбектерде үй керегесінің сыртын шимен қаптаған. Эпоста: «Бир белгиси бахмал ёпган уйи бор, чанғароғи ғўла, абжуш **чийи** бор...», -деп келеді (Йўлдаш уғли, 1998: 96).

Мал шаруашылығына байланысты терминдердің ең ауқымды бөлігі – ат жабдықтары. Ат жабдықтарының негізгісі – **ʷegär** (ер, қазақ тілінің оңтүстік сөйленістерінде «егер»). Ескі қыпшақ тілінде – **äyär**. Диалектіде ат әбзелдерін «**ʷegär-äbzäl**» деп те атайды. Бұл туралы эпоста төмендегідей жолдар бар: «Қалдирғочойим **эгар-абзални**, совут-қалқонни, ёв-яроқ, асбобни айилиуштанга солиб, ўхшатиб бўғиб, кўтартириб юборди» (Йўлдаш уғли, 1998: 76). Сонымен қатар «**džabduq**» атауы да кездеседі. Эпостан ат жабдықтары туралы ақпарат беретін мына бір үзіндіге мән берсек: «Барчиной учун бир тұруқ йўрға отни табладан олиб келиб, **узангилари** тилладан, **айиллари** ҳам тилладан, ҳамма асбобларини яхши созлаб, **эгарлаб**, устига

тилла **жабдуқлардан** солиб, **айил-пуштанларини** тортиб, устига майин, тоза, мулойим бахмал парқуварлардан солиб, тилла **юганларни** бошига солиб, жуда отни чоқлаб, отнинг **жиловидан** энаси ушлаб, олиб келди» (Йўлдаш уғли, 1998:27). Üzāngi - ер-тұрман әбзелінің аяқ салатын бөлігі (үзеңгі). Ескі қыпшақ тілінде - **أوزَانْگُو** (üzāngü). Ayıl - ердің үстінен бастыра тартып қоятын жалпақ қайыс, тартпа (айыл). Қыз-келіншек аттарына арнап жасалған айылдарды жібекпен де қаптау дәстүрі болған. Бұл турасында эпоста төмендегідей дерек келтіріледі: «Ой Қалдирғоч тортди отнинг белидан, сирти ипак, ичи майин **айилди**. (Йўлдаш уғли, 1998:84). Džilaw – аттың басын тежеу, басқару үшін пайдаланылатын, ұштары жүгеннің ауыздық шығыршығына байланған шыжым қайыс (тізгін). Yügān//džügān - атты кісінің өз ыркына көндіру үшін жылқының басына кигізетін, ауыздығы мен тізгіні бар, қайыстан жасалған әбзел (жүген). Ескі қыпшақ тілінде - **أِيگان** (üygān). Аттың аузына салынатын жүгеннің темір бөлігі – suwluq (ауыздық//сулық). Эпоста: «**Сувлуқ** тишлаб кишнай берди жонивор», - деп келеді (Йўлдаш уғли, 1998:317). Аттың омырауына тағылатын қайыс не былғарыдан әзірленетін әбзел – qutos (өмілдірік). Бұл туралы эпоста төмендегідей жолдар бар: «Ана шунда (отининг бүйнига) тилла *қутос* тақилған...» (Йўлдаш уғли, 1998: 25). Қутостан өзге қыпшақ сөйленістерінде qatağan//ömildirik//omildiriq терминдері де кездеседі (Жўраев, 1969: 148). Ескі қыпшақ тіліндегі **كۆمۈلدۈرۈك** (kömüldürük) сөзін ескеріп, қыпшақ тілдері үшін ömildirik атауы ортақ деп тұжырымдаймыз (Гаркавец, 2019:356) Ат тоқымының ең астына тер сіңіру үшін салынатын киіз жабдық – terlik. Эпоста: «Бисмилло, деб солди отнинг устига кимхоби майиндан бұлган **терликни**», - деп келеді (Йўлдаш уғли, 1998: 83). Qanžığa – ерге бөктерген затты байлайтын қайыс таспа. Қазақ, өзбек этнонимиялық жүйесінде қанжығалы ру атауы кездеседі. «Йўлдаш уғли» эпосы бойынша бас қаһарман дәл осы қанжығалы қоңырат руынан шығады (Йўлдаш уғли, 1998:211). Üzāngi, džügān, suwluq, ʷegār, terlik секілді атаулар қыпшақ тілдеріндегі ат жабдықтарының нұсқаларына сай. Тек džilaw атауы түрікмен (džilaw) және

қарақалпақ (jilaw) тілдеріндегі нұсқамен бір болып шықты. Қарақалпақ тілінде dizgin термині қатар қолданылатынын ескеріп, қыпшақ тілдері үшін tizgin термині ортақ деп тұжырымдауға болады. Ойымызды ескі қыпшақ тіліндегі tizgin сөзі де қуаттайды (تَزْجِنْ) (Гаркавец, 2019:356).

Көшпелі өзбек субэтносын өзбектің өзге этникалық топтарынан айырмалайтын басты белгісі – киім-кешек үлгілері. Telpek – киізден істелетін тақия сияқты жұқа баскиім. Эпоста қалмақтарға тән баскиім ретінде суреттелгенімен, мұндай баскиім түрін аймақтағы барлық түрік халықтарынан кездестіреміз. Баскиімнің жасалу технологиясы жөнінде эпоста мынадай жолдар кездеседі: «Тұқсон құйнинг терисидан телпаги» (Йўлдаш уғли, 1998: 161). Qalpaq – қазіргі өзбек-қыпшақ диалектісінде тақия мағынасында жұмсалғанымен, о баста жұқа киізден басылатын ерлердің бас киімі болса керек. Қыпшақ-өзбек диалектісінде кездеспесе де «Алпамыш» эпосында сөз болатын баскиім – tumaq (тымақ). Тымақ – аң терісінен жасалған, биік төбелі қыстық баскиім. Бұл – көшпелі өзбек тайпалары Сібір, Қазақстан аумағын мекендеген кезеңнен хабар беретін тілдік дерек. Эпоста: «Бобосига қинғирлик қилар бұлур, ёр-ёр, **тумоғини** бошидан олар бұлур, ёр-ёр». (Йўлдаш уғли, 1998: 380). Қазір қолданыстан шығып қалған, алайда көшпелі тұрмыста аса қаже киім – шалбар. Өзбек-қыпшақ диалектісінде – şalbar. Шалбар қой не ешкі терісінен тігілген. Бұл туралы эпоста: «Тұқсонда эримас тоғларининг қори, уч юз құсам терисидан **чолвари**», - деген дерек бар (Мирзаев, 2007: 110).

Көшпелі өзбектерде кең таралған балалар ойыны – аїіқ. Асық ойыны туралы эпоста төмендегідей жолдар кездеседі: «Бир құчада уч-тўрт бола **ошиқ ұйнаб** ётибди» (Йўлдаш уғли, 1998: 246). Асықтың иіргеннен кейінгі түсу позициялары – alсі, şik, rük, tağan. Бұл туралы деректі эпостың: «**Олчи-чикка** бўлиб энди айланиб, Қултойқул осмондан тушиб келади», - деген жолдардан кездестіреміз. (Йўлдаш уғли, 1998: 82).

Көшпелі өзбектерде әрі кәсіп, әрі өнер ретінде кең таралған әуестік – аңшылық. Аңшылықпен қарапайым халық жыл бойы айналысқан. Әсіресе

қыс мезгілінде аңшылықпен қор жинау үрдісі жақсы дамыған. Үстем тап өкілдері үшін аңшылықта сейіл құрып, көңіл көтерген. Көшпелі Өзбек мемлекетінде хандар мен сұлтандардың аң аулауын ұйымдастыратын, басқаратын арнайы әмірлер болған. Оларды амир-и шикар (миршикар) деп атаған. «Алпамыш» эпосының мына бір жолынан қызық деректі байқаймыз: «Кўрмайсанми жониворнинг тангини, мерганлар **овлайди** кўлнинг **ангини**» (Мирзаев, 2007: 10). Түрік тілдерінің оғыз тобында аңшылық мағынасындағы aw сөзі қолданылады. Сөздің бұл нұсқасы қазақ тілінің Жетісу сөйленісі (Кеген) мен «аулау» сөзінде өлі түбір ретінде сақталған. Академик Р. Сыздықова Қ. Қосымұлының «Жылнамалар жинағынан» аң аулау мағынасына қатысты «аң» (ау емес), «аңға чық-», «аңға атлан» секілді тіркестерді қыпшақтық тұлғадағы түрік сөздері ретінде қарастырады (Сыздықова, 2014: 57). Ортағасырлық түрік жазба ескерткіштерінде де (Қашқари, 2017: 116), ескі қыпшақ тілінде (Гаркавец, 2019: 470) де бұл сөз aw формасында кездеседі.

Қорытынды. «Алпамыш» эпосында көшпелі өзбек тайпаларының қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген кезеңінен хабар беретін тілдік деректер анықталды. Этномәдени лексиканың негізгі қорын ескі қыпшақ сөздері құрайтындығы дәлелденді. Рухани, заттық мәдени терминдердің қазіргі қыпшақ тілдерінің этномәдени лексикасымен байланысы көрсетілді. Этномәдени лексикалық қорды анықтауда толыққанды сөздермен қатар тұрақты сөз тіркестері, идиомалар, мақал-мәтелдердің құрамында сақталып қалған, мағынасы күңгірттенген не мүлдем тілдік қолданыстан шыққан сөздерді де қолдануға болады.

Қорыта айтқанда, өзбек-қыпшақ диалектісінің этномәдени лексикасы қыпшақ тілі негізінде қалыптасқан. Диалектіде сөйлеушілердің барлығы отырықшы өмір салтына көшкенімен, этностың тілдік әлемінде көшпелі тұрмыс салтынан хабар беретін деректер орасан көп. Этномәдени лексиканы өзге түрік, оның ішінде қыпшақ тілдерімен салыстыру нәтижесінде оның ноғай-қыпшақ тобындағы тілдерге жақын екендігі анықталды.

Әдебиеттер:

1. Гаркавец А. Н. Китаб-и Маджму'-и Тарджуман-и Турки ва 'Аджами ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави / При участии О. О. Туякбаева. – Алматы Баур, 2019. – 600 с. (ор.)
2. Жўраев Б. Юқори Қашқадарё ўзбек шевалари. – Тошкент: Фан, 1969. – 167 б. (өзб.)
3. Йўлдош уғли Ф. Алпомиш. Тошкент: Шарқ, 1998. – 400 б. (өзб.)
4. Қалиев Ғ., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш., Үдербаев А. ж.т.б. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі – Алматы: Арыс, 2005. 824 б. (қаз.)
5. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том/Аударған А.Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б. (қаз.)
6. Мирзаев Т., Эшонқул Ж., Фидокор С. «Алпомиш» достонининг изоҳли луғати. – Тошкент: Elmus-Press-media, 2007. – 162 с. (өзб.)
7. Назаров Н. Лақайлар: диалектология ва фразеология. – Тошкент, 2010.- 276 б. (өзб.)
8. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы / Рәбиға Сыздықова / – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 412 б. (қаз.)
9. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қыдырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Көптомдық шығармалар жинағы /Сыздықова Р. Қойгелдиев М. / – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 344 б. (қаз.)